

SDSN Kazakhstan қазақстандық желісінің III  
конференциясы мақалаларының  
ЖИНАҒЫ

«ТҰРАҚТЫ ДАМУ МЕН ОРНЫҚТЫЛЫҚТЫ  
НЫҒАЙТУДАҒЫ ӘРІПТЕСТІК ПЕН  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ»



PROCEEDINGS  
of the III SDSN Kazakhstan Conference  
«PARTNERSHIP AND COLLABORATION FOR  
BUILDING RESILIENCE AND SUSTAINABLE  
DEVELOPMENT»

СБОРНИК  
материалов III Казахстанской конференции  
сети SDSN Kazakhstan  
«ПАРТНЕРСТВО И СОТРУДНИЧЕСТВО ДЛЯ  
ПОВЫШЕНИЯ УСТОЙЧИВОСТИ И  
УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ»

## EDITORIAL NOTE

This **Proceedings of the 3rd SDSN Kazakhstan Conference: «Partnership and Cooperation to Enhance Sustainability and Sustainable Development»** brings together a collection of abstracts and full articles addressing various aspects of sustainable development. For clarity and ease of navigation, all materials have been organized into three main thematic sections:

### **1. БОЛАШАҚ ДАМУДАҒЫ БІЛІМНІҢ РӨЛІ / THE ROLE OF EDUCATION IN FUTURE DEVELOPMENT / РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В БУДУЩЕМ РАЗВИТИИ**

This section presents materials focused on innovative approaches in education, the development of STEM competencies, the integration of technology into the learning process, as well as issues of inclusivity and the enhancement of academic performance. These topics align with **Sustainable Development Goal 4** (SDG 4: Quality Education).

### **2. САУ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТӨЗІМДІЛІКТІ ДАМУ / PROMOTING SUSTAINABILITY AND RESILIENCE FOR HEALTHY COMMUNITIES / ПРОДВИЖЕНИЕ УСТОЙЧИВОСТИ И РЕЗИЛЬЕНТНОСТИ ДЛЯ ЗДОРОВЫХ СООБЩЕСТВ**

This section brings together research focused on strengthening community resilience, improving public health, managing water resources, and addressing disaster risk and impact. The contributions in this section support the achievement of **Sustainable Development Goals 3, 6, and 11** (SDG 3: Good Health and Well-being, SDG 6: Clean Water and Sanitation, SDG 11: Sustainable Cities and Communities).

### **3. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ДАМУ ҮШІН САЯСАТ ЖӘНЕ БАСҚАРУ / POLICY AND GOVERNANCE FOR LONG-TERM DEVELOPMENT / ПОЛИТИКА И УПРАВЛЕНИЕ ДЛЯ ДОЛГОСРОЧНОГО РАЗВИТИЯ**

This section includes abstracts addressing issues related to public policy, regulation, social justice, the transition to a green economy, and ensuring equitable access to resources. These topics reflect key international priorities aligned with **Sustainable Development Goals 1, 7, 10, and 13** (SDG 1: No Poverty, SDG 7: Affordable and Clean Energy, SDG 10: Reduced Inequalities, SDG 13: Climate Action).

The editors extend their sincere gratitude to all authors for their active participation and valuable contributions to advancing research in the field of sustainable development.

THE ROLE OF EDUCATION IN FUTURE DEVELOPMENT

DEVELOPMENT OF COLLABORATIVE FILTERING SYSTEM TO FACILITATE DECISION-MAKING OF STUDENTS IN IT CAREER PATHWAYS (*Abstract*)

**Berlikozha B., Serek A. ....6**

FROM CULTURAL AMBASSADORS TO MORE CONFIDENT VOICES: EVALUATING THE IMPACT OF FULBRIGHT «ENGLISH TEACHING ASSISTANTS» IN KAZAKHSTAN (*Abstract*)

**Schroeder Ph., Abaunza C. ....7**

HOW DOES CLIL INFLUENCE HIGH-ACHIEVING AND LOW-ACHIEVING STUDENTS IN SCIENCE CLASSROOMS? : A COMPARATIVE ANALYSIS (*Abstract*)

**Seksembayeva D. ....8**

INTEGRATING CLIL IN ZOOLOGY LAB CLASSES: ENHANCING STUDENT LEARNING AND LANGUAGE PROFICIENCY (*Abstract*)

**Dumanbek Sh., Satayev M. ....9**

THE IMPACT OF INQUIRY-BASED LEARNING ON TENTH-GRADE STUDENTS' ACADEMIC ACHIEVEMENT IN BIOLOGY (*Abstract*)

**Bekbolat A. ....10**

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙТІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ (*Article*)

**Сарбағыс А., Йылмаз Х., Бекенова Г. ....11**

ДӘСТҮРЛІ ӘДІСТЕРДЕН БАСТАП ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАРҒА ДЕЙІН: ТҮРАҚТЫ ДАМУҒА ЖЕТУ ҮШІН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР (*Article*)

**Абсаттарова Ә., Йылмаз Х., Бекенова Г. ....22**

FRAMEWORKS OF INTEGRATED STEM EDUCATION WITH APPLICATIONS IN CHEMISTRY INSTRUCTION (*Article*)

**Shakarimova D., Yilmaz H. ....35**

OVERVIEW OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN EDUCATION (*Article*)  
**Akhmetova A., Yilmaz H.** .....46

БІЛІМ БЕРУДЕГІ СЫҢЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР: ТҰРАҚТЫ ДАМУ  
МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫ (*Abstract*)  
**Бағытжанова А.** .....54

## PROMOTING SUSTAINABILITY AND RESILIENCE FOR HEALTHY COMMUNITIES

STRENGTHENING WATER EDUCATION AND RESEARCH IN EURASIA  
THROUGH THE WATER HARMONY NETWORK (*Abstract*)  
**Hojiboev D., Razykov Z.** .....55

HOW NON-GOVERNMENT ORGANIZATIONS BUILD COMMUNITY  
RESILIENCE TO SOCIETAL GRAND CHALLENGE OF NATURAL FLOOD  
DISASTER (*Abstract*)  
**Gahwar Bhatti** .....56

ЗИЯТЫ ЖЕҢІЛ ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ТАЙМ-  
МЕНЕДЖМЕНТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ (Abstract)  
**Тоқтарұлы Д.** .....57

## POLICY AND GOVERNANCE FOR LONG-TERM DEVELOPMENT

EMPOWERING YOUTH FOR GLOBAL CITIZENSHIP: DIGITAL  
TRANSFORMATION AND SUSTAINABLE DEVELOPMENT IN MODEL UN  
PROGRAMS (*Abstract*)  
**Abazov R.** .....63

JUST ENERGY TRANSITION AND ECONOMIC DIVERSIFICATION OF MINING  
REGIONS AND TOWNS IN KAZAKHSTAN: CHALLENGES AND  
OPPORTUNITIES (*Abstract*)  
**Junussova M., Maulsharif M., Soltymbayeva S.** .....64

METHANE EMISSIONS SUSTAINABILITY AND POLICY DEVELOPMENT:  
ANALYZING METHANE POLICY AFTER THE BUZACHI NEFT INCIDENT IN  
KAZAKHSTAN (*Abstract*)

**Neafie J., Askatova A., Laichinova A., Mavletova S.,  
Tulegenova A., Bayramov E.....65**

REALIZATION OF THE FIRST DEVELOPMENT GOALS IN THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN OR WHY AND WHERE THE SHARE OF PEOPLE BELOW LIVING  
WAGE IS LARGEST (*Abstract*)

**Tatibekov B. ....66**

**DEVELOPMENT OF COLLABORATIVE FILTERING SYSTEM TO FACILITATE DECISION-MAKING OF STUDENTS IN IT CAREER PATHWAYS**

**B. A. Berlikozha<sup>1</sup>, A. G. Serek<sup>2\*</sup>**

<sup>1</sup>Department of Information Systems, SDU University, Kaskelen, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>School of Information Technology and Engineering, Kazakh-British Technical University (KBTU), Almaty, Republic of Kazakhstan

**ABSTRACT**

Selecting a career pathway in information technology presents a significant challenge for students, given the extensive range of specializations and the fast-paced evolution of industry requirements. Conventional career guidance approaches frequently lack personalized recommendations, resulting in ambiguity and discrepancies in skill alignment. This study proposes the creation of a collaborative filtering system designed to aid students in making informed career decisions through data-driven insights.

The proposed system utilizes collaborative filtering algorithms to recommend appropriate career paths based on student profiles and industry information. The system analyzes historical data from students to recommend optimal pathways that align with current job market demands. Partnerships between universities, industry, and policymakers play a crucial role in enriching the system by providing real-time labor market data, aligning educational curricula with industry needs, and ensuring policy compliance. The methodology involves data collection from educational institutions, alumni career trajectories, and job market analyses. Data preprocessing steps include cleaning, normalization, and feature extraction to enhance model performance. Evaluation methods consist of precision, recall to ensure the system's accuracy and effectiveness.

This study aims to connect academic learning with industry expectations, thereby enhancing career satisfaction, workforce alignment, and outcomes in IT education. By offering data-driven career guidance, the system helps students adapt to evolving job markets, improving resilience in IT education and employment contributing to sustainable development. The proposed system holds considerable implications for students, universities, and policymakers aiming to enhance IT career guidance via data-driven approaches.

*Keywords:* Collaborative Filtering, Career Pathway Recommendation, Information Technology, Data-Driven Insights, Industry Collaboration, Educational Data Analysis.

**ABOUT THE AUTHORS**

**Berlikozha Baurzhan Asetovich** – Master, Senior Lecturer, SDU University, Kaskelen, Republic of Kazakhstan, email: bauyrzhan.berlikozha@gmail.com

**Serek Azamat Galymzhanovich** – PhD, Assistant Professor, Faculty of Information Technology and Engineering, KBTU University, Almaty, Republic of Kazakhstan, email: [a.serek@kbtu.kz](mailto:a.serek@kbtu.kz)\*

### **FROM CULTURAL AMBASSADORS TO MORE CONFIDENT VOICES: EVALUATING THE IMPACT OF FULBRIGHT «ENGLISH TEACHING ASSISTANTS» IN KAZAKHSTAN**

**Dr. Philipp Schroeder<sup>1\*</sup>, Dr. Carlos Abaunza<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Nazarbayev University, Astana, Republic of Kazakhstan

#### **ABSTRACT**

This presentation shares findings from a mixed-methods impact evaluation of the Fulbright English Teaching Assistant (ETA) program in Kazakhstan, examining the program's influence on host institutions and local communities. Combining qualitative case studies and a quantitative survey, the study assesses the ETAs' contributions across four key dimensions: cultural exchange, English language proficiency, educational and professional aspirations, and long-term sustainable impact.

Qualitative data – including interviews and focus groups – reveal that ETAs act as effective cultural ambassadors, enhancing mutual understanding and challenging stereotypes through informal, participatory encounters. Survey data further indicate a widespread improvement in participants' familiarity with American cultural values, with many reporting a shift in perception and deeper interest in intercultural engagement. A substantial number of respondents noted progress in their ability to understand and communicate in English, particularly in informal and conversational contexts, and attributed these gains to ETA-led activities such as conversation clubs and student-centered classroom practices.

Importantly, the program served as a catalyst for participants to broaden their academic and professional horizons, encouraging aspirations for international study and careers. However, limitations such as uneven integration within host institutions and limited outreach beyond urban centers constrained broader transformative outcomes. The report offers several recommendations, including greater investment in informal learning environments, strengthened training for ETAs, support for legacy initiatives, and improved coordination between ETAs and host institutions.

The study contributes to wider discussions on educational diplomacy and cultural exchange, providing actionable insights for enhancing the effectiveness and sustainability of international teaching assistant programs.

*Keywords:* Educational Diplomacy, Cultural Exchange, Language Proficiency, Informal Learning, Impact Evaluation.

### ABOUT THE AUTHORS

**Dr. Philipp Schroeder** – Associate Professor, Department of Sociology and Anthropology, Nazarbayev University, email: philipp.schroeder@nu.edu.kz\*

**Dr. Carlos Abaunza** – Instructor, Department of Sociology and Anthropology, Nazarbayev University.

### HOW DOES CLIL INFLUENCE HIGH-ACHIEVING AND LOW-ACHIEVING STUDENTS IN SCIENCE CLASSROOMS? : A COMPARATIVE ANALYSIS

**D. Seksembayeva**

SDU University, Kaskelen, Republic of Kazakhstan

### ABSTRACT

The study explores how Content and Language Integrated Learning (CLIL) influences academic performances of high- and low-achieving students in secondary science classrooms. The main objective was to assess the effect of the approach on learning outcomes and development of higher-order thinking skills of students with different academic levels. Moreover, the study fills the gap in differentiated instruction by applying the CLIL to mixed-ability chemistry class – the aspect that is still underexplored in science education.

During the quasi-experimental research 28 ninth grade students were divided into control and experimental, and high- and low-achieving groups. Both studied «Elements and Compounds of Group 14 and 15» chemistry topic with the biology integration. Pre- and post-tests allowed us to collect quantitative data which was then analyzed using the descriptive statistics, percentage improvement, and performance by three-leveled questions. The experiment that took 6 science lessons in 3 weeks was designed to ensure sufficient exposure to the CLIL approach for reliable comparison.

Results revealed that low-achieving students of the experimental group benefited the most from the CLIL approach especially in solving advanced-level questions. However, high-achieving students of the control group showed decline in their academic performance. The results suggest that CLIL influences both content knowledge and language and critical thinking of mostly low-achieving students.

The research contributes to inclusive education and sustainable development by providing evidence that targeted instructional approaches like CLIL can reduce learning disparities by supporting underperforming students in science classes. Even though high-achievers didn't improve their test scores, they still gained 21st-century competencies, such as problem-solving and critical thinking, essential for long-term sustainable societies. This approach has also revealed that one can provide equity in education

ensuring that all learners have the tools they need to grow, instead of equal treatment for all.

*Keywords:* Science education, CLIL, differentiated instructions, academic achievement, secondary school.

### ABOUT THE AUTHOR

**Darina Seksembayeva** – B.Ed. in Biology and Chemistry, Master’s student in Biology at SDU University, Kaskelen, Republic of Kazakhstan, email: 241114005@sdu.edu.kz.

## INTEGRATING CLIL IN ZOOLOGY LAB CLASSES: ENHANCING STUDENT LEARNING AND LANGUAGE PROFICIENCY

**Sh. Dumanbek<sup>1\*</sup>, M. Satayev<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>SDU university, Kaskelen, Republic of Kazakhstan

### ABSTRACT

This study explores the integration of Content and Language Integrated Learning (CLIL) methodology into undergraduate zoology laboratory classes as an innovative approach to enhance both biological knowledge and English language competence. The primary objective is to determine whether learning both content and a foreign language promotes a better understanding of zoology concepts and the academic progress of students compared to traditional teaching approaches.

In this experimental study, a sample of 70 first-year biology students was divided into experimental (taught using the CLIL method) and control (receiving traditional instruction) groups and participated in a 2-month-long intervention, during which laboratory instructions, discussions, and assignments were conducted using the CLIL method. Pre- and post-tests with multiple-choice questions were used to evaluate content mastery and language development. According to the analysis of results, students in the experimental group showed higher academic performance and greater development of scientific communication skills than control group students. This study contributes to innovative educational practices by promoting interdisciplinary skill development and supports the broader goal of enhancing educational quality, indirectly contributing to sustainable development.

*Keywords:* CLIL, zoology, biology, science, laboratory, students, language, terminology.

### ABOUT THE AUTHORS

**Shynar Dumanbek** – Master student of biology, SDU University, Kaskelen, Republic of Kazakhstan, email: dumanbekshynar@gmail.com\*

**Malik Satayev** – Master student of biology, SDU University, Kaskelen, Republic of Kazakhstan, email: malik.satayev@sdu.edu.kz.

## THE IMPACT OF INQUIRY-BASED LEARNING ON TENTH-GRADE STUDENTS' ACADEMIC ACHIEVEMENT IN BIOLOGY

**A. Bekbolat**

Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

### ABSTRACT

The purpose of this study was to investigate the effects of the inquiry-based learning method on students' academic achievement in biology. Specifically, the study aimed to answer the research question: «How does inquiry-based learning, implemented through the 5E instructional model, affect the academic performance of tenth-grade students in biology?». A total of 44 tenth-grade students from three different classes in a secondary school participated in the study. Two classes were assigned as experimental groups, while the third class served as the control group. The students in the experimental groups were taught using the 5E instructional model (Engage, Explore, Explain, Elaborate, Evaluate), which supports inquiry-based learning through student-centered activities such as research projects, laboratory experiments, group discussions, and real-life problem-solving tasks. In contrast, the control group received instruction through traditional teacher-centered methods, including lectures, textbook exercises, and direct explanation. To assess the effectiveness of the inquiry-based learning method, a biology achievement test was administered as both a pre-test and a post-test to all students in the experimental and control groups. In addition to quantitative data, classroom observations and students' written reflections were collected to explore their engagement and attitudes toward learning. Quantitative data were analyzed using descriptive statistics and paired-sample t-tests to compare pre- and post-test scores between groups. The findings showed that students in the experimental groups achieved significantly higher scores than those in the control group. Moreover, the experimental group students demonstrated greater interest in biology, enhanced critical thinking, and more active participation during lessons. These results suggest that the 5E model of inquiry-based learning can positively influence academic achievement and offers an effective approach for teaching biology in secondary education.

*Keywords:* Inquiry-based learning, 5E instructional model, academic achievement, active learning, student-centered instruction.

### ABOUT THE AUTHOR

**Bekbolat Ainur** – Second-year Master's Student, Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan, email: 23M36382@qyzpu.edu.kz

## ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙТІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

**А. Сарбағыс<sup>1\*</sup>, Х. Йылмаз<sup>1</sup>, Г. Бекенова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>SDU University, Қаскелең, Қазақстан Республикасы

### АНДАТПА

Білім беруде инновациялық технологияларды қолдану әлем бойынша оқыту процесін дамытуда маңызды рөл атқарады.

*Зерттеудің негізгі мақсаты* – 2019-2025 жылдар аралығында жарияланған отандық және шетелдік 15 ғылыми мақалаға сапалық талдау жасау арқылы химия пәнін оқыту кезінде инновациялық технологиялардың оқушылардың ынтасы мен белсенділігіне ықпалын анықтау болып табылады.

*Зерттеудің өзектілігі мен жаңашылдығы* – білім беру саласында инновациялық технологиялардың қарқынды дамуы мен олардың оқу жүйесіндегі құндылығын тұрақты даму контекстінде қарастыру тұрғысымен байланысты.

*Жаңашылдығы* – виртуалды зертханаларды, геймификацияны және онлайн платформаларды қоса алғанда, инновациялық технологияларды химия сабақтарына тиімді интеграциялауды жүйелендіруді сапалы мазмұндық талдау әдістері арқылы қол жеткізуге болады, мысалы, виртуалды және жасанды интеллекттің молекулярлық құрылымдар мен реакциялардың иммерсивті визуализациясын қамтамасыз етудегі трансформациясына көмектеседі. Ойынға айналдырылған оқыту және 3Д модельдеу арқылы белсенділік пен интерактивті оқытуға пайдасы болады. Жасанды интеллектпен (ЖИ) жұмыс істейтін платформалар бейімделген кері байланыс және бейімделген оқыту тәсілдері арқылы химиялық білім беруді жекелендіруді және тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

*Зерттеу методологиясы* Google Scholar платформасынан таңдалған мақалалар негізінде сапалық, тақырыптық талдау әдісі қолданды.

*Нәтиже бойынша*, инновациялық технологиялар оқушылардың белсенділігін арттырып, сыни ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіні анықталды. Сонымен қоса, бұл заманауи технологиялар оқушыға бағытталған интерактивті оқу ортасын қалыптастыруға септігін тигізеді. Қарастырылған 15 мақаланы талдау барысында жиі кездескен тақырып- «мотивация» (14%). Бұл көрсеткіш оқушылардың қызығушылығын арттыруда цифрлық құралдардың

маңызы жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар, «инновациялық оқыту әдістері» (10%), «оқушылардың белсенділігі» (10%) және «белсенді оқыту» (10%) сияқты тақырыптар да жиі кездеседі. Бұл қазіргі оқыту үдерісінде дәстүрлі тәсілдерді жаңашыл стратегиялармен алмастыруға деген тұрақты қызығушылық бар екенін дәлелдейді. Сонымен қоса, білім беру кезіндегі нәтижелерін жақсарту мақсатында инновациялық технологияларды педагогикалық мақсаттармен байланыстыру қажеттілігі атап өтілді. Бұл тәсіл білім сапасын арттыруға оң әсер етеді.

*Тұрақты дамуға қосқан үлесі* – инновациялық технологиялар инклюзивті, қолжетімді, экологиялық таза әрі қауіпсіз білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Бұл материалдық ресурстардың қолданылуын азайтуға, сонымен қоса нәтижесінде сапалы білім білім алуға қол жеткізуге жағдай жасайды. Бұл тұрақты дамудың БҰҰ-ның негізгі мақсаттарымен сай келеді.

*Түйін сөздер:* мотивация, химияны оқыту, инновациялық технологиялар, виртуалды зертхана, геймификация, онлайн-платформа, тұрақты даму.

### КІРІСПЕ

**Мәселенің қойылуы.** Шалғымбекова, Смаглий, Калимжанова және Сүлейменова (2024) айтып кеткендей, кез-келген білім беру жүйесінде дәстүрлі және инновациялық әдістерді үйлестіріпбіріктерсе, ол оқытуда студенттің мотивациясы үшін ерекше рөл атқарады, себебі бұл қарқынды өзгеріп жатқан әлемде құзыреттіліктерді ілгерілету үшін керекті кешенді оқу үдерісінқалыптастырады. Әсіресе, химия пәнін оқытуда технологияларды енгізу ерекше мәнге ие, себебі Макинде мен Ойениии (2024) ойынша, виртуалды зертханалар мен модельдеулер «жасыл химияны» меңгеру жолын жеңілдетеді. Сонымен қатар, Ибрагимов (2023) атап өткендей, интерактивті оқыту әдістеріне қызығушылық ұлғаюда, өйткені олар студенттердің өзінше дамуын және сыни ойлау қабілеттерін дамытады.

Мақаланың мақсаты – химияны оқытуда цифрлық технологияларды интеграциялау жөніндегі қазіргі ғылыми зерттеулерге сапалық шолу жасау. Білім беру саласындағы, әсіресе химия пәні бойынша инновациялық оқыту әдістерімен байланысты негізгі терминдер мен ұғымдар қарастырылады. Осы зерттеулерді талдау арқылы цифрлық химиялық білім берудегі негізгі үрдістер мен жаңа бағыттар айқындалады.

Мәселенің өзекті екенін айта кету керек, себебі қазіргі инновация заманында білім беру мен технологияны интеграциялау маңызды, әрі студенттердің мотивациясы мен қызығушылығын жоғалтып алмауда үлкен рөл ойнайды. АКТ-ны (ақпараттық-коммуникациялық технологияларды) білім беруде енгізу – студенттердің дербестігін және сыни ойлауын дамытудағы таптырмас құрал болып табылады (Садыков және Чтрнацтова, 2019). Осыған орай, да Силва (2021) үздіксіз білім алудың қаншалықты маңызы жоғары екенін атап кетті, бұл өз кезегінде

цифрлық дағдыларды тұрақты түрде үздіксіз ілгерілетуін талап етеді. Бүгінгі күндегі технологиялар – мобильді оқыту, онлайн платформалар және геймификация – оқу үдерісінде орыны толмас рөл атқарады (Курбонова, 2022). Мысалға келтірсек, Альбаштави мен Әл Батайнех (2020) Google Classroom платформасын қолдану цифрлық инновацияларды білім берумен интеграциясыедәуір жеңілдететінін көрсетеді. Сонымен қатар, Клорес және Эспанья (2023) айтуынша, жаратылыстану сабақтарын тиімді оқыту үшін студенттердің белсенділік деңгейін ілгерілететін интерактивті тәсілдерді қолдану керек. Студент мотивациясы олардың оқу жетістіктерінде шешуші рөл атқаратынын ескеру керек (Мивехчи & Раджабиан, 2020). Дегенмен, Сую және басқалар (2024) көрсеткендей, технологиялар мотивацияны арттыра да, керісінше төмендете де алады, себебі олар оның көңілін басқа жаққа ауып кетуіне басты себеп болуы мүмкін. Осыған байланысты, оқу үдерісінде технологияларды қолданудың тиімді, әрі басты стратегияларын әзірлеу керек, бұл олардың жағымсыз әсерін азайтып, тек жағымды әсерін барынша арттыруға мүмкіндік береді.

### **Зерттеу сұрақтары:**

- Химияны оқытудағы цифрлық инновацияларға арналған қазіргі ғылыми мақалалар мен зерттеулерді терең талдау;
- Инновациялық технологияларға қатысты негізгі ұғымдар мен терминдерді анықтау;
- Осы тақырыпты әрі қарай зерттеу үшін перспективалық бағыттарды белгілеу және зерттеуге ұсыныстар беру.

Бұл зерттеу цифрлық технологиялардың оқу үдерісін қалай жақсартатынын түсінуге көмектеседі және оқытушыларға оларды тәжірибеде қолдануға болатындай нақты ұсыныстар береді.

**Дәлелдеме.** Короткова (2022) айтқандай, дәстүрлі білім беру әдістері қазіргі студенттердің қажеттіліктеріне мүлдем сәйкес келмейді, себебі олар цифрлық технологияларға дағдыланған. Технологиялардың жедел дамуы жағдайында виртуалды шынайылық, ойын платформалары және онлайн курстар сияқты инновациялық тәсілдер студенттердің мотивациясын арттыруда маңызды құралға айналуда. Бұл тәсілдер оқу үдерісін қызықты, әрі интерактивті етеді. Дегенмен, олардың мотивацияға ықпалы әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген (Иванова, 2023). Осы мақала цифрлық технологиялар, виртуалды зертханалар, онлайн платформалардың, химия пәніндегі студенттердің мотивациясына әсерін қарастырып өтеді. Бұл тәсілдер химия пәніне деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, сыни ойлау деңгейін дамытуға көмектеседі.

Қазіргі білім беру жүйесі қарқынды өзгеріп жатқан технологиялық жағдайларға бейімделуді талап етеді. Студенттердің мотивациясы оқу үдерісінде басты рөл атқарады, бірақ дәстүрлі әдістер цифрлық деңгейде ұрпақтың қажеттіліктерін жиі қанағаттандырмайды. Геймификация, виртуалды шынайылық және онлайн курстар сияқты инновациялық технологиялар студенттердің оқу

үдерісіне деген қызығушылығын арттырып, олардың үлгерімін жақсартуға мүмкіндік береді, бұл туралы Шалғымбекова, Смағлий, Калимжанова және Сулейменова (2024) зерттеуінде көрсетілген.

Білім берудің цифрлануы оқу үдерісін қолжетімді әрі барынша қызықты ете түседі. Алайда бұл технологиялардың мотивацияға әсері, әсіресе химия пәнін оқыту контекстінде, әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Түрлі технологиялардың оқу процесіне қалай әсер ететінін және оларды интеграциялауға қандай педагогикалық стратегиялар тиімді екенін түсіну маңызды болып табылады. Зерттеу нәтижелері білім беру тәжірибесін жетілдіруге және химия пәнінде мотивация мен үлгерімді арттыратын әдістерді тиімді пайдалануға септігін тигізуі мүмкін. Сол себептен де, бұл шолу технологиялардың студенттердің мотивациясына әсерін талдауға бағытталып, оқытуда цифрлық құралдарды тиімді пайдалануға қатысты ұсыныстарды ұсынады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**Әдебиеттерге шолу.** Lens пен Tsuzuki (2005) білім беру жүйесінде ішкі мотивация мен мақсатқа ұмтылушылықтың маңыздылығына назар аударады. Жасөспірімдік кезеңде оқушылар өздерінің академиялық және кәсіби болашағы туралы ойлана бастайды, бұл білім берудің ішкі және практикалық құндылығын арттырады. Эмпирикалық зерттеулер мотивация сапасының оқу тәртібі мен табандылыққа әсер ететінін көрсетеді.

Magwilang (2016) химия пәніндегі контекстке бағытталған әдістің ғылыми ұғымдарды өмірлік жағдайлармен байланыстыруға көмектесетінін, бұл өз кезегінде студенттердің сабаққа деген мотивациясы мен үлгерімін жақсартатынын атап өтеді. Hofverberg (2020) жетістікке жету мақсаттарының химия пәніндегі мотивация мен оқу жетістіктеріне қалай әсер ететінін зерттейді. Ал Tsankov (2012) химияда проблемалық оқытудың мотивацияны арттырудағы әлеуетін қарастырады.

Gambari және оның әріптестері (2016) компьютерлік технологияларды қолдану студенттердің мотивациясына оң әсер ететінін көрсетеді. Yao (2023) эксперименттік оқытудың химияны терең түсінуге тиімді екенін айта отырып, бірақ сонымен қатар қауіпсіздік пен ресурстардың жетіспеушілігі сияқты мәселелердің бар екенін ескертеді. Бұл мәселелерді шешуде виртуалды платформалар таптырмас шешім бола алады.

Химияны оқытудағы инновациялық құзыреттілік жаһандық мәселелерді шешуде, әсіресе БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) контекстінде, маңызды рөл атқарады (Aris және т.б., 2025). Зерттеулер көрсеткендей, студенттерде инновациялық қабілеттерді дамыту үшін тиісті оқу ортасын қалыптастыру және үздіксіз белсенді оқытуды қамтамасыз ету қажет.

Химия саласындағы кәсіпкерлік тәсілдер оқытудың шекарасын кеңейтіп, ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыруға ықпал етеді (Jennifer және басқалар, 2022). Химияны оқытудағы инновациялық әдістерді бағалауға арналған CTIV

(Chemistry Teaching Innovations Validation) құралы (Sanchez, 2025) флип-класс, геймификация және виртуалды зертханалар сияқты тәсілдерді тиімді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл әдістер студенттердің белсенді қатысуын арттырып, олардың сыни ойлау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді (Shukla, 2024; Mathew, 2024).

Sinaga, Situmorang және Hutabarat (2019) интерактивті элементтер мен мультимедианы қамтитын тапсырмаларға негізделген оқу ресурстары арқылы оқушылардың білімін жақсартқан. Нәтижесінде эксперименттік топтың көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болған деседі.

Situmorang, Purba және Silaban (2020) химия сабағына арналған жобалық бағыттағы ресурстың белсенді оқытуда тиімді екенін дәлелдеді. Aris және оның әріптестері (2025) химияны оқытуда шығармашылықты дамытуда АКТ-ның рөлін, сондай-ақ ChemDraw және Chem3D сияқты химиялық визуализация құралдары мен электронды модульдердің қолданылуын терең зерттейді.

Zhu (2024) инновациялық әдістерді оқыту және мультимедианы оқу процесіне енгізу орта мектеп оқушыларының химия пәніне деген қызығушылығын арттыра алатынын атап өтеді. Hofstein мен Mamlok-Naaman (2011) химияға деген оң көзқарасты жақсартуға бағытталған, пәнді өмірмен байланыстыратын және гендерлік факторларды ескеретін әдістерді ұсынады. Singhal және оның әріптестері (2012) молекулалық құрылымдарды көрсету үшін кеңейтілген шындық (AR) технологиясы арқылы химияны визуализациялаудың тиімділігін көрсетеді.

**Методология. Зерттеу дизайны.** Берілген мақалада қойылған сұрақтарға жауап беру үшін біз сапалық зерттеу әдісін қолдандық, яғни тақырыптың әртүрлі қырларын терең талдаған ғылыми мақалаларды терең талдап, оларды зерттедік. Бұл үдеріс арнайы кесте түрінде ұсынылған, онда қарастырылған мақалалар, олардың негізгі сөздері мен басты ұғымдары көрсетілген. Мұндай кесте ақпаратты жүйелеуге және құрылымдауға көмектеседі, қазіргі зерттеу бағыттары мен негізгі үрдістерді жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

**Деректерді жинау.** Ақпаратты жинау үшін біз Google Scholar платформасында жарияланған заманауи ғылыми мақалаларды таңдадық. Себебі технологиялар үнемі дамып, жаңарып отырады, сондықтан бұл зерттеуге тек қазіргі уақытта өзекті болып табылатын соңғы еңбектер енгізілді. Мұндай тәсіл цифрлық технологиялар саласындағы заманауи трендтер мен жетістіктерді бақылауға мүмкіндік береді.

1-кестеде таңдалған мақалалардың тізімі, олардың авторлары мен негізгі сөздері көрсетілген. Бұл кілт сөздер зерттеулерде қарастырылған негізгі тақырыптар мен идеяларды сипаттайды. Әрбір жол жеке еңбекті білдіреді және оның құрамына мотивация, инновация, белсенді оқыту, ақпараттық технологияларды қолдану және химияны оқыту мен білім беру саласына қатысты басқа да маңызды ұғымдар кіреді. Бұл кесте ақпаратты жүйелеу құралы ретінде қызмет атқарады және осы саладағы зерттеулердің маңызды әрі өзекті тақырыптарын біліп тануға көмектеседі.

## THE ROLE OF EDUCATION IN FUTURE DEVELOPMENT

---

### Кесте 1 – Мақалалар мен кілт сөздер

№	Авторлар	Кілт сөздер
1	Lens, W., & Tsuzuki, M. (2005)	Мотивация, Болашаққа бағдар, Мансапты дамыту, Білімдегітабыс
2	Hofverberg, A. (2020)	Мотивация, Жетістікке жету мақсаттары, Сынып ортасы, Химияны оқыту, Студент жетістігі
3	Tsankov, N. S. (2012)	Проблемалық оқыту, Мотивация, Химияны оқыту, Қоршаған орта ғылымдары, Студент белсенділігі
4	Gambari, I. A., және т.б. (2016)	Компьютерлік оқыту, Мотивация, Цифрлық оқыту, Химияны оқыту, Студент белсенділігі
5	Yao, J. (2023)	Тәжірибелік оқыту, Инновация, Орта білім, Практикалық белсенділік, Химияны оқыту
6	Aris, N. M., және т.б. (2025)	Инновациялық құзырет, Оқу ортасы, Химияны оқыту, Білім реформасы, Сарапшы көзқарасы
7	Jennifer G. A., және т.б. (2022)	Химияны оқыту, Кәсіпкерлік, Шынайы өмірлік қолдану, Инновация, Коммерцияландыру
8	Sanchez, J. M. (2025)	Инновация, Оқыту әдістері, Бағалау құралы, Химияны оқыту, Білімді өлшеу
9	Shukla, Y. (2024)	Инновациялық оқыту, Флип-пед-класс, Геймификация, Белсенді қатысу, Студент белсенділігі
10	Mathew, A. (2024)	Белсенді оқыту, Бірлескен оқыту, Проблемалық оқыту, Студент белсенділігі, Химия
11	Sinaga, M., және т.б. (2019)	Инновациялық оқыту, Химияны оқыту, Студент құзыреті, Мультимедиа, Интерактивті ресурстар
12	Situmorang, M., және т.б. (2020)	Жобалық оқыту, Белсенді оқыту, Оқу нәтижесі, Студент белсенділігі, Химия
13	Zhu, Y. (2024)	Инновациялық оқыту, Ақпараттық технология, Химиялық тәжірибелер, Білім реформасы, Орта мектеп
14	Hofstein, A., & Mamlok-Naaman, R. (2011)	Қарым-қатынас, Қызығушылық, Химияны оқыту, Жоғарғы сынып, Студент белсенділігі, Оқыту әдістері
15	Singhal, S., және т.б. (2012)	Қосымша шындық, Интерактивті оқыту, Химияны оқыту, Молекулалық визуализация, Білім технологиясы

Ескерту – авторлармен құрастырылған

**Деректерді талдау процесі**

Химияны оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін зерттеу мақсатында ғылыми мақалалар мен жарияланымдарға талдау жүргізілді. Талдау барысында цифрлық технологияларды енгізуге байланысты жиі кездесетін ұғымдар мен кілт сөздерден тұратын арнайы кесте (2-кесте) құрылды. Бұл кестеде әрбір кілт сөздің жалпы көлемдегі үлесі көрсетілген — бұл зерттеулерде қандай тақырыптар мен бағыттардың өзекті екендігін және кеңінен қарастырылатынын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, «мотивация», «химияны оқыту», «технологияны интеграциялау» сияқты ұғымдар зерттеулерде жиі кездеседі және цифрлық оқыту әдістерінің маңызды аспектілері болып табылады.

Кесте 2 – Химияны оқытудағы инновациялық технологияларға қатысты жиі қолданылатын ұғымдар мен кілт сөздер

№	Кілт сөз / Ұғым	Жиілік	Үлесі(%)
1	Мотивация	7	14%
2	Инновациялық оқыту әдістері	5	10%
3	Химияны оқыту	7	14%
4	Белсенді оқыту	5	10%
5	Технологияларды біріктіру	5	10%
6	Виртуалды зертханалар	3	6%
7	Онлайн платформалар	4	8%
8	Студент белсенділігі	5	10%
9	Геймификация	4	8%
10	Интерактивті әдістер	5	10%
<b>Барлығы:</b>		50	100%

Ескерту – авторлармен құрастырылған

**Негізгі нәтижелері.** Талдаудың негізгі нәтижелері зерттеудің мақсатына цифрлық технологияларды химияны оқытуға енгізудің тиімділігін және олардың студенттердің мотивациясына әсерін бағалауға сәйкес келеді. Әдебиеттерге шолу виртуалды зертханалар, геймификация, онлайн платформалар және интерактивті әдістер сияқты инновациялық құралдар химиялық ұғымдарды меңгеру сапасына арттырып, пәнге деген қызығушылықты ынталандыратынын көрсетті. Сондай-ақ, технологияларды қолдану студенттердің белсенді қатысуына ықпал

ететін, жеке қажеттіліктерге бейімделетін білім беруортасын қалыптастыратыны анықталды. Цифрлық құралдарпрактикалық оқытудың мүмкіндіктерін кеңейтіп, өзіндік жұмыстыжеңілдетеді және сыни ойлауды дамытады. Сонымен қатар, бұл технологиялар қазіргі білім беру талаптарына сай келеді және дәстүрлі оқыту мен цифрлық ұрпақтың қажеттіліктері арасындағы алшақтықты жоюға барынша көмегін тигізеді. Алайда, талдау барысында кейбір мәселелер де анықталды: технологияға қолжетімділіктің біркелкі болмауы, когнитивтік жүктеменің артуы және мұғалімдердің жаңа әдістерге үйрену керектігі. Сондықтан цифрлық құралдарды теңгерімді әрі тиімді пайдалану маңызды, бұл білім беру сапасын арттыруға септігін тигізеді. Жалпы алғанда, талдау нәтижелері цифрлық инновациялардың қазіргі химияны оқытуда маңызды рөл атқаратынын растайды. Олар үздік тәжірибелерді әзірлеудің негізі болып табылады және осы салада әрі қарай дамудың бағыттарын анықтауға көмектеседі.

**Тұрақты даму процесіне қосқан үлесі.** Химияны оқытудағы цифрлық инновациялар тұрақты дамуды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, өйткені олар білім беруді тиімдірек әрі қолжетімді етеді. Қазіргі заманғы технологиялар қоғамның талаптарына жауап береді: ғылымды үнемі жаңарту, жаңа әдістер мен құралдарды енгізу қажеттігі туындауда. Технологиялардың әсері ең алдымен оқыту әдістерінің өзгеруінен көрінеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану студенттердің мотивациясын арттырып, білім беру процесінің сапасын жақсартады. Мысалы, виртуалды зертханалар мен онлайн платформалар студенттерге тәжірибелік тапсырмаларды қауіпсіз және тиімді орындауға мүмкіндік береді. Бұл теория мен тәжірибе арасындағы байланысты нығайтады, сыни талдауды дамытады.

Геймификация мен онлайн курстар сияқты инновациялық тәсілдер де маңызды рөл атқарады. Олар оқытуды қызықты етіп, студенттердің оқу процесіне үнемі белсенді қатысуына ықпал етеді. Мотивация үлгерімге тікелей әсер етеді, ал цифрлық құралдар, әсіресе ойын түріндегі әдістер, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім деңгейін көтеруге негіз болады. Виртуалды зертханалар мен онлайн платформалар ерекше орын алады. Олар күрделі химиялық ұғымдарды интерактивті түрде меңгеруге мүмкіндік береді. Студенттер өз білімдерін тәжірибе жүзінде тексере алады, бұл пәнге деген қызығушылықты арттырып, ғылыми ойлауды дамытады.

Сонымен қатар, цифрлық инновациялар білім беру әдістерін үздіксіз жаңартуға ынталандырады. Олар проблемалық оқыту, мультимедиялық материалдар мен интерактивті әдістер сияқты жаңа тәсілдерді енгізуді жеңілдетеді, бұл студенттердің белсенділігін арттырып, олардың сыни ойлау дағдыларын дамытады. Бұл қазіргі заманғы ғылыми міндеттерді шеше алатын мамандар мен ғалымдарды дайындау үшін өте маңызды.

### **ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР**

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу химияны оқытуға цифрлық технологияларды енгізудің маңыздылығын және олардың студенттердің мотивациясы мен белсенділігіне айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Заманауи ғылыми дереккөздерге жасалған талдау виртуалды зертханалар, геймификация және онлайн платформалар сияқты инновациялық әдістердің оқу процесін тек қызықты етіп қана қоймай, сонымен қатар оның тиімділігін едәуір арттыратынын дәлелдеді. Google Scholar платформасынан алынған ғылыми жарияланымдарға жүйелі талдау жасау арқылы химиялық білім беруді цифрландырудың негізгі үрдістері мен бағыттары айқындалып, олардың әлеуеті мен оқу үдерісін жетілдірудегі мүмкіндіктері тереңірек түсінуге жол ашты.

Зерттеу нәтижелері цифрлық әдістердің тек академиялық жетістіктерді жақсартуға ғана емес, сонымен қатар студенттердің өзіндік білім алу қабілетін, сыни ойлауын, жауапкершілігін және цифрлық ортада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға да ықпал ететінін көрсетеді. Заманауи технологияларды енгізу сабақтарды анағұрлым интерактивті әрі нәтижелі етуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде пәнге деген қызығушылықты арттырып, оның қазіргі өмірдегі практикалық маңыздылығын күшейтеді.

Сонымен қатар, цифрлық шешімдерді біріктіру БҰҰ бекіткен Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Цифрлық технологиялар білім беруді қолжетімді, инклюзивті және икемді ете отырып, әлеуметтік, географиялық немесе экономикалық жағдайына қарамастан барлық білім алушыларға тең мүмкіндіктер жасайды. Бұл жаһандық сын-қатерлерге – климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы және әлеуметтік теңсіздік сияқты мәселелерге дайын, экологиялық әрі әлеуметтік жауапкершілігі жоғары ұрпақты тәрбиелеуге ықпал етеді.

#### **Ұсыныстар:**

– Химияны оқытуда цифрлық құралдарды тиімді пайдаланудың стратегияларын әзірлеп, оларды оқу процесіне белсенді енгізу арқылы мотивацияны және білім сапасын арттыру;

– Білім сапасына, практикалық дағдылар мен кәсіби дайындыққа цифрлық технологиялардың әсерін бағалауға бағытталған кең көлемді және ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізу;

– Мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оларды цифрлық платформалар мен құралдармен жұмыс істеудің заманауи әдістеріне үйрету үшін жүйелі курстар, семинарлар мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру;

– Тұрақты даму мақсаттарына бағытталған оқу материалдарын әзірлеп, оқу бағдарламаларына экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік тақырыптарын енгізу арқылы студенттердің азаматтық санасын және экологиялық мәдениетін қалыптастыру;

– Жеке білім беру траекториялары мен аралас оқыту сияқты жаңа тәсілдерді дамыту және енгізу арқылы әрбір студенттің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру;

– Әсіресе мүмкіндіктері шектеулі аймақтардағы оқу орындары үшін цифрлық ресурстар мен инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз етіп, цифрлық теңсіздікті азайту;

– Оқытуда қолданылатын цифрлық әдістердің тиімділігін бақылау және бағалау жүйелерін енгізу арқылы уақытылы мәселелерді анықтап, олардың оқу процесіне қосатын үлесін арттыру.

Түйіндей келе, цифрлық технологияларды жүйелі түрде енгізу білім сапасын, қолжетімділігін және икемділігін арттыруда кең мүмкіндіктер ұсынады. Ең жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін оқыту әдістемелерін үнемі жетілдіру, жаңа тәсілдер мен стратегияларды әзірлеу, білім беру процесінің барлық қатысушыларының белсенді қатысуы қажет.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Albashtawi, A. H., & Al Bataineh, K. B. (2020). The effectiveness of Google Classroom among EFL students in Jordan: An innovative teaching and learning online platform. *International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET)*, 15(11), 78–88.

2. Aris, N. M., Ibrahim, N. H., Halim, N. D. A., & Idris, N. (2025). Mapping innovation in chemistry education: Expert insights on innovation competence and learning environments. *International Journal of Research and Innovation in Social Science*, 9(1), 1525–1535.

3. Clores, L. J., & España, R. C. N. (2023). Assessment of teachers' instructional practices: Towards proposing an innovative instructional model for teaching-learning material in chemistry. *Journal of Practical Studies in Education*, 4(4), 1–19.

4. da Silva, A. D. F. A. (2021). The innovative teachers training for chemistry teaching through digital technologies. *Malta Journal of Education*, 2(1), 123–141.

5. Davies, R. S., & West, R. E. (2014). Technology integration in schools. In J. M. Spector et al. (Eds.), *Handbook of research on educational communications and technology* (pp. 841–853). Springer.

6. Gambari, I. A., Gbodi, B. E., Olakanmi, E. U., & Abalaka, E. N. (2016). Promoting intrinsic and extrinsic motivation among chemistry students using computer-assisted instruction. *Contemporary Educational Technology*, 7(1), 25–46.

7. Hofstein, A., & Mamlok-Naaman, R. (2011). High-school students' attitudes toward and interest in learning chemistry. *Educación Química*, 22(2), 90–102.

8. Hofverberg, A. (2020). Motivation, students, and the classroom environment: Exploring the role of Swedish students' achievement goals in chemistry (Doctoral dissertation, Umeå University).

9. Ibragimov, B. (2023). Types and importance of innovative technologies in education. *Молодые ученые*, 1(20), 96–98.
10. Иванова, А. С. (2023). Инновационные технологии обучения как средство развития мотивации учения школьников. CyberLeninka.
11. Jennifer, G. A., Jenny, J. C., Balaji, V. P., & Yadav, R. (2022). Chemistry innovations and ideas from the classroom to the real world: The students' perspective on becoming a chemistry entrepreneur. *Journal of Chemical Education*, 99(4), 1556–1562.
12. Korotkova, E. V. (2022). Применение инновационных технологий как средство мотивации к учебной деятельности у младших школьников. CyberLeninka.
13. Kurbonova, M. E. (2022). Ways to use innovative technologies in teaching chemistry in academic lyceums. *Oriental Renaissance: Innovative, Educational, Natural and Social Sciences*, 2(3), 409–413.
14. Lens, W., & Tsuzuki, M. (2005). The role of motivation and future time perspective in educational and career development. In F. Pajares & T. Urdan (Eds.), *Self-efficacy beliefs of adolescents* (pp. 73–105). Information Age Publishing.
15. Makinde, S. O., & Oyeniyi, N. O. (2024). The roles of emerging technology in chemistry teaching and learning for a sustainable development. *Indonesian Journal of Teaching in Science*, 4(2), 177–188.
16. Mathew, A. (2024). Innovative teaching methods in chemistry education: Enhancing student engagement and learning outcomes.
17. Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan. (1999). State education standard.
18. Mivehchi, L., & Rajabion, L. (2020). A framework for evaluating the impact of mobile games, technological innovation and collaborative learning on students' motivation. *Human Systems Management*, 39(1), 27–36.
19. Sadykov, T., & Čtrnáctová, H. (2019). Application of interactive methods and technologies of teaching chemistry. *Chemistry Teacher International*, 1(2), 20180031.
20. Sanchez, J. M. (2025). Validation tool for chemistry teaching innovations: Polytomous Rasch, confirmatory factor, and reliability analyses. *Journal of Research in Environmental and Science Education*, 2(1), 38–47.
21. Shalgimbekova, K., Smagliy, T., Kalimzhanova, R., & Suleimenova, Z. (2024). Innovative teaching technologies in higher education: Efficiency and student motivation. *Cogent Education*, 11(1), 2425205.
22. Shukla, Y. (2024). Innovative teaching methods in chemistry education. *International Journal of Multidisciplinary Research in Arts, Science and Technology*, 2(2), 9–16.
23. Sinaga, M., Situmorang, M., & Hutabarat, W. (2019). Implementation of innovative learning material to improve students' competence on chemistry. *Indian Journal of Pharmaceutical Education and Research*, 53(1), 28–41.
24. Singhal, S., Bagga, S., Goyal, P., & Saxena, V. (2012). Augmented chemistry: Interactive education system. *International Journal of Computer Applications*, 49(15).

25. Situmorang, M., Purba, J., & Silaban, R. (2020). Implementation of an innovative learning resource with project to facilitate active learning to improve students' performance on chemistry. *Indian Journal of Pharmaceutical Education and Research*, 54(4), 905–914.

26. Suyu, H., Xiaoqi, J., Xixi, S., Yike, L., & Shounan, L. (2024). The impacts of technology on learning motivation of primary and secondary school students-A systematic review. *Social Science Research*, 3(5).

27. Tsankov, N. S. (2012). Students' motivation in the process of problem-based education in chemistry and environmental sciences. *International Journal of Humanities and Social Science*, 2(21), 155–166.

28. Yao, J. (2023). Exploring experiential learning: Enhancing secondary school chemistry education through practical engagement and innovation. *Journal of Education, Humanities and Social Sciences*, 22, 475–484.

29. Zhu, Y. (2024). Exploration of innovative teaching in junior high school chemistry experiments under information technology.

### АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

**Аружан Сарбағыс** – магистрант, SDU University, Қаскелең, Қазақстан Республикасы, email: 241343005@sdu.edu.kz \*

**Йылмаз Халит Сатылмыш** – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, SDU University, Қаскелең, Қазақстан Республикасы, email: halit.yilmaz@sdu.edu.kz.

**Гүлмира Бекенова** – химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, SDU University, Қаскелең, Қазақстан Республикасы, email: gulmira.beknova@sdu.edu.kz.

### ДӘСТҮРЛІ ӘДІСТЕРДЕН БАСТАП ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАРҒА ДЕЙІН: ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ЖЕТУ ҮШІН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Ә. Абсаттарова<sup>1\*</sup>, Х. Йылмаз<sup>1</sup>, Г. Бекенова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>SDU University, Қаскелең, Қазақстан Республикасы

### АНДАТПА

Бұл зерттеу жұмысының негізгі мақсаты жиналған ғылыми әдебиеттер тізбегін талдай отырып, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дәстүрлі зертханада жұмыс жасау барысында пайда болатын және тұрақты дамуына әсер ететін кедергілерді анықтау және оны виртуалды зертханамен салыстыру болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі оқушылар жаратылыстану пәндерінің зертханалық тәжірибелерімен жұмыс жасау кезінде көптеген қиындықтарға тап болады. Виртуалды зертханалар өз кезегінде осы қиындықтарды шешуге көмектеседі, яғни оқушылар виртуалды зертхана арқылы қауіпсіз және икемді ортада тәжірибе жасауға мүмкіндік алады. Виртуалды зертхана оқушылардың пәнді терең түсінуіне және сабаққа деген қызығушылығын жоғарлатады. Сол себепті қазіргі таңда бұл платформаларды кеңінен мектеп бағдарламасына енгізу маңызды болып келеді. Осы мәселе, алынған тақырыптың *өзектілігін* көрсетеді. *Бұл жұмыстың жаңашылдығы* жаратылыстану пәндерінде дәстүрлі зертханалар арқылы инклюзивті оқытудың тәсілдерін педагогикалық тұрғыдан қайта қарауға бағытталған.

Мақалада сапалы зерттеу әдісі қолданылды. Зерттелетін тақырыпқа арналған әртүрлі авторлардың еңбектері Google Scholar платформасынан жиналды. Зерттеу аясында мазмұнды талдау әдісін қолдандым, бұл тақырыпқа сай жиналған әдебиеттердің мазмұнын жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік берді.

Қаралған әдебиеттерден кілт сөздерді қолдану арқылы сапалы талдаудың арқасында келесі нәтижелер алынды: инклюзивті білім – 20%, виртуалды зертхана – 19%, қолжетімділік – 12%, арнайы білім беру қажеттіліктері – 7%, дәстүрлі зертхана – 7%, цифрлық білім беру құралдары – 5%, бейімделген оқыту – 5%, цифрлық білім беру құралдары – 5%. Осы авторлардың жұмысынан алынған кілт сөздерден талдау жүргізіп, бұл тақырыптың білім саласында өзекті мәселе екендігін білдік. Тұтастай алғанда, нәтижелерден виртуалды зертханаларды дәстүрлі зертханалармен салыстырғанда мүмкіндігі шектеулі оқушылардың пәнді түсінуіне қосатын үлесі көп екендігі анықталды.

Виртуалды зертхананың дәстүрліден негізгі ерекшелігі оның қолайлы, қауіпсіз, экономикалық тұрғыдан арзан және оқушының қабілетіне сай икемді орта қалыптастыруында болып табылады. Цифрлық ортада тәжірибелер жүргізу білім алушыға теориялық білімді практикада бірнеше рет іске асыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, виртуалды зертханамен өзара әрекеттесу танымдық белсенділік пен өзін-өзі ынталандыру арқылы пәнге тұрақты қызығушылықты қалыптастыруға ықпал жасайды. Жаратылыстану пәндері бойынша білім беруде виртуалды зертханаларды пайдалану арқылы инклюзивті оқыту құралдарын қолдану сабақ кезінде пайда болатын кедергілердің болмауына және оқушының тұрақты дамуына негізгі үлесін қосады.

*Түйін сөздер:* тұрақты даму, виртуалды зертхана, дәстүрлі зертхана, инклюзивті білім, қолжетімділік, арнайы білім беру қажеттіліктері, жаратылыстану ғылымдарын оқыту.

### **КІРІСПЕ**

Виртуалды зертханалар тәжірибелер жүргізу үшін қауіпсіз және қаржылық жағынан үнемді жағдайларды ұсынатын қазіргі замандағы ғылыми білім беруде

маңызды құралға айналып келеді. Бұл жаңа білім беру құралы білім алушыларға жаратылыстану ғылымдарындағы процесстерді модельдеуге, зертханадағы құрал-жабдықтар мен реактивтермен цифрлі ортада өзара әрекеттесуіне, дәстүрлі зертханада туындайтын шығындар мен тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді. Бірақ та, олардың қолжетімділігі мүмкінділігі шектеулі білім алушылар үшін маңызды мәселе болып қала береді. Көптеген білім беру платформаларында баламалы навигация, көмекші технологиямен үйлесімділік, дауыстық басқару функциялары деген секілді инклюзивті функциялары жетіспейді (Alhashem және т.б.,2023).

Tompson және т.б. (2022) инклюзивті виртуалды зертханалардың тек оқытуда ғана жақсы нәтиже беріп қана қоймай, білім алушылардың өз дағдыларына деген сенімділігін арттыратынын анықтады. Бұл, әсіресе, дәстүрлі зертханадағы тапсырмаларды өз бетінше жасай алмайтын, тек қана тәжірибелерді бақылай алатын қозғалысы бұзылған білім алушыларға арналған. Осыған орай, виртуалды зертхананың негізгі мақсаты физикалық нысандармен жұмыс істеу кезінде қиындыққа тап болатын білім алушыларға, сабаққа белсенді қатысуына жағдай жасау болып табылады.

Жаратылыстану ғылымындарында зертханалық сабақтардың қолжетімділігі білім алудың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Виртуалды зертханалар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын және оқытудың сапасын едәуір арттыра алады (Dalgarno және т.б., 2009).

Бұл зерттеу жұмысы виртуалды зертхананың қолжетімділігін талдауға және оларды дәстүрлі зертханаға қарағанда көп мүмкіндіктер бере алатына бағытталған. Зерттеу аясында тақырыпқа сай келесі мақсаттар қойылды:

1. Инклюзивті білім берудегі виртуалды зертхана тақырыбында толық зерттеу жасап, дереккөздер жинау және жиналған әдебиеттерге сапалы талдау жасау.

2. Дәстүрлі зертханаларды пайдалану кезінде мүмкіндігі шектеулі білім алушыларда туындайтын негізгі кедергілерді анықтау және олардың оқушылардың тұрақты дамуына әсерін бағалау.

Зерттеу нәтижелері зертханалық сабақтарға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және білім беруді цифрландыру жағдайында оқыту сапасын арттыру арқылы инклюзивті білім беруді жақсартуға көмектеседі деп күтілуде. Бұл инклюзивті білім берудің заманауи талаптарына жауап беретін неғұрлым қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Әдебиетке шолу.** Виртуалды зертханалар білім алушыларға кез-келген жерде және кез-келген уақытта тәжірибелер жүргізуге мүмкіндік беретін бейімделген оқыту режимін ұсынады, осылайша шынайы өмірдегі зертханалық жұмыстың кеңістіктік-уақыттық шектеулерінен айналып өтеді. Бұл икемділік деңгейі, әсіресе

шалғай жерлерде тұратын немесе физикалық тұрғыда зертханада тәжірибені өз бетінше жүргізе алмайтын білім алушыларға қажет. Сонымен қатар, білім алушылар симуляцияның арқасында нақты уақыт режимінде кері байланыс алады, ол өз кезегінде уақытылы оқытуды және қателерді түзетуді қамтамасыз етеді. Демек, виртуалды зертханамен оқыту дәстүрлі оқытуға қарағанда оқу нәтижелерінің тиімділігін арттырады. Виртуалды зертханаларды экономикалық тұрғыда дәстүрлі зертханамен салыстырғанда тиімдірек болады, өйткені виртуалды зертхана материалдарды, жабдықты аз тұтынады және техникалық қызмет көрсету шығындарын азайтады (Alhashem және т.б., 2023).

Babateen (2011) өз зерттеулерінде виртуалды және дәстүрлі зертханалар арасындағы ішкі айырмашылықтарды зерттеп, технологиялық жағынан туындаған педагогикалық тәжірибенің өзгеруіне баса назар аударды. Виртуалды зертханалар дәстүрлі зертханалардан ерекшеленеді, өйткені олар тәжірибе жасалу орнымен, белгіленген мерзімдерімен және ресурстардың қол жетімділігімен байланысты болмайды. Виртуалды зертханалар бейнелерді, анимацияларды, интерактивті модельдер секілді мультимедиялық мазмұнды ұсына отырып жеке және топтық сабақ жүргізуге мүмкіндік береді. Қажет болатын болса, тұжырымдаманы терең түсінуге және есте сақтауды жақсартатын қайталама тәжірибелерді жүргізуге болады. Бірақ дәстүрлі зертханалық жұмыс сабақ кестесіне, мұғалімнің демонстрациясына және оқулықтарға негізделген, көбінесе әр білім алушының жеке тәжірибесі мен оқу уақытын шектей алатын үлкен топтарда өткізіледі. Elfakki және т.б. (2023) мақаласында білім беру жүйесіне 3D технологияларды енгізу білім алушылардың когнитивті қабілетіне және тұрақты дамуына ықпал ететінін дәлелдеді, бірақ мұндай платформалар оқытудың стильдері мен дайындық деңгейлеріне байланысты өзгерістерді қажет ететіндігін нақтылайды.

Li и және т.б. (2022) ұсынған зерттеу жұмысында инклюзивті білім беруде виртуалды зертхананың интуитивті түсінікті пайдаланушы интерфейсінің, логикалық навигация жүйесінің және ортаны білім алушының жеке қажеттіліктеріне, қабілетіне сай келтірудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Цифрлық технологиялардың дамуына қарай виртуалды зертханалар ғылыми жұмыс жүргізудің және оқытудың негізгі құралына айналды. Бұл платформа пайдаланушылардың зертханалық жабдықтар, реактивтер және қауіпсіздік құралдарымен 2D немесе 3D интерфейстерімен қауіпсіз ортада әрекеттесе алатын, интерактивті кеңістік жасайды. Процестер әртүрлі енгізу құрылғылары арқылы бақыланады және платформа нақты уақыт режимінде пайдаланушының әрекеттеріне жауап береді. Кейбір жетілдірілген зертханалар виртуалды (VR) және кеңейтілген шындық (AR) технологияларын біріктіріп, зертханаға толық ену сезімін тудырып, пайдаланушыларға интерактивті тәжірибелер жасауға мүмкіндік береді. Қолданылған технологияларға қарамастан, мұндай платформалардың негізгі мақсаты ғылыми зерттеулер үшін қауіпсіз, қолжетімді және икемді кеңістікті қамтамасыз ету болып табылады. Олар дәстүрлі зертханаларда туындайтын

тәуекелдер мен шектеулі ресурстарын шеше отырып, эксперимент жасауға, нәтижелерді талдауға және қателіктерден үйренуге мүмкіндік береді (Rutten және т.б., 2012).

Мысалы, Robertson және т.б. (1984) and Davis және т.б. (1985) жүргізген зерттеу жұмыстары дәстүрлі оқытуға болашақта тікелей қолдаулар қосылмаса, онда уақыт өте келе білім алу сапасының төмендейтінін көрсетті. Бұл өз кезегінде келесі шектеулерге алып келеді: дәстүрлі әдістер қысқа мерзімді табысқа қол жеткізе алады, бірақ тұрақтылыққа, ұзақ мерзімді табысқа және өзін-өзі қамтамасыз етуге ие болмауы мүмкін. Мұндай деректер кеңейтілген зерттеу мен қолданысты қолдайтын жаңа әдістерді әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Бұл жағдайда, ең үлкен мәселе білім алушылардың қажеттіліктерінің жеке өзгергіштігі мен күрделілігі болуы мүмкін. Әр білім алушының білім алу қабілеті мен мүмкіндігі әртүрлі, сол себепті сәтті инклюзивті тәжірибе жеке жоспарлауды, жауаптылықты және икемділікті қажет етеді. Сонымен қатар, жылжымалы емес оқу жоспарлары, дайын тестілеу модельдері және бюджеттік шектеулер деген секілді инклюзивті білім берудегі шектеулер көбінесе инклюзивті тәжірибені енгізуге кедергі келтіреді. Day және т.б. (1986), дәстүрлі оқыту әдістері жоғары білікті және жоғары деңгейдегі кадрлар даярлау, арнайы материалдар және инфрақұрылымды түзету сияқты үлкен ресурстарды қажет етеді.

Осындай қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін білім беру саласындағы ғалымдар мен зерттеушілер инклюзивтілікке және ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың тұрақты үлгеріміне қол жеткізуге бағытталған көптеген жаңа инновацияларды зерттеп жатыр. Тиісті интеграция кезінде жаңа стратегиялар білім алушылардың белсенділігін, олардың үлгерімін және жалпы білім деңгейін арттыруға айтарлықтай әсер ететіндігін дәлелдейді. Олар әділ, инклюзивті және тұрақты білім беру жүйелерін құруға көмектеседі. Дегенмен, бұл жағдайда тек инновация жеткіліксіз болады. Инклюзивті білім беруді ұзақ мерзімді дамыту үшін саясат реформалары, қаржыландыру басымдықтары, мұғалімдерді даярлау бағдарламалары және халықтың хабардарлығын арттыру бағдарламалары секілді жүйелі реформалар қажет. Бұл бүкіл білім беру қауымдастығынан үздіксіз зерттеуге, рефлексияға және диалогқа берілгендікті талап етеді. Инновацияларды енгізу және терең проблемаларды шешу арқылы білім беру жүйелері инклюзивтілікті жеке адамдарға, қауымдастықтарға және жалпы қоғамға пайда әкелетін нақты тәжірибеге айналдыра алады.

Инклюзивті білім беру – бұл әр білім алушының жеке қасиеттеріне, қабілеттеріне, мүгедектігіне немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан тең мүмкіндік беруге бағытталған оқыту тәсілі. Дәстүрлі енгізу тек ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қарапайым сыныптарға біріктіруге бағытталған. Инклюзия - бұл терең ұғым. Бұл барлық білім алушылар өздерін жақсы сезінетін, қолдау алатын және оқу процесінің барлық аспектілеріне белсенді қатысатын ортаны құру үшін жүйелі өзгерістерді қажет етеді. Қарапайым

физикалық қатысудан тиімді қатысуға дейінгі бұл түбегейлі өзгеріс қазіргі білім беру үшін өте маңызды. Инклюзивті білім беру техникалық өзгерістермен оқыту философиясын қатар қарастырады. Инклюзивті тәжірибелерді енгізетін мектептер әртүрлілікті құрметтеуге, шектеулерді жоюға және әр білім алушының ішкі құндылығы мен әлеуетін мойындауға тырысады.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі бұл тәжірибенің маңыздылығын асыра бағалау қиын. Инклюзивті білім беру әлеуметтік әділеттіліктің, теңдіктің және әртүрліліктің ажырамас құндылықтарын қамтиды және растайды. Білім алушылардың қажеттіліктері мен тәжірибелерінің кең ауқымын қамтитын инклюзивті тәжірибелер әділ, біртұтас және өміршең қоғам құруға мүмкіндік береді. Rombo және т.б. (2006) инклюзивті білім беру тек қол жетімділікті қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар барлық білім алушылар академиялық, әлеуметтік және эмоционалды жетістіктерге жете алатын жағдайлар жасау екенін атап өтті. Сонымен қатар, инклюзивті білім бүкіл мектеп мәдениетін өзгертеді. Ол назарды білім алушылардың кемшіліктерінен олардың күшті жақтарына, қабілеттеріне және ортақ іске әлеуетті үлестеріне ауыстырады. Білім беру жүйелері тек оқу орындары ғана емес, сонымен қатар инклюзивті тәжірибелер арқылы біріктіретін инклюзивті қауымдастықтар болуға бағытталған. Білім алушылар барған сайын жаһанданған және өзара байланысты әлемде өмір сүру үшін қажетті эмпатиямен, айырмашылықтарды қабылдаумен, ынтымақтастықпен және сыни ойлаумен танысады. Эмпирикалық дәлелдер жақсы инклюзивтіліктің ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға ғана емес, барлық білім алушылар үшін пайдалы екенін дәйекті түрде көрсетеді. Инклюзивтілік оқу жетістіктерінің артуына, жағымды әлеуметтік қатынастардың артуына және әл-ауқаттың жақсаруына алып келеді. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін құрдастарымен және олармен бірге оқу ашық болуды, көшбасшылықты және айырмашылықтар бойынша бірлесіп жұмыс істеу қабілетін арттырады.

Виртуалды зертхананың инклюзивті білім беру әлеуеті, виртуалды зертхананың маңызды артықшылығы болып табылады. Заманауи технологиялар мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін кеңейтілген түрдегі құрал жабдықтарды ұсынады. Көру қабілеті бұзылған білім алушыларға арнайы сөйлейтін термометрлер, тактильді модельдер және «Брайль» шрифтімен жазылған зертханалық нұсқаулар жасалды. Өз кезегінде, оқу кезінде қиындықтарға тап болатын білім алушыларға бейімделген нұсқаулар, көрнекі материалдар және зертханалық жұмыстарға арналған ұзартылған уақыт режимі қарастырылған (Chi және т.б., 2015). Алайда, инклюзивті білім беруді тұрақты дамытудың алғашқы кезеңдерінде мүмкіндігі шектеулі білім алушылар зертханалық тәжірибе жүргізуде үлкен кедергілерге тап болды. Себебі, өзгертілген зертханалық құрылғылар мен жеке көмек функциясы әрқашан білім беру процессінің толық қолжетімділігін қамтамасыз ете бермейді (Hofstein және т.б., 2004).

Бұл тұрғыда Ghergulescu және т.б. (2018) зерттеу жұмысы ерекше қызығушылық тудыртады. Бұл мақалада есту қабілеті бұзылған білім алушылар үшін «*атом құрылысы*» деп аталатын виртуалды зертхана туралы айтылады. Зерттеу жұмысы жекелендірілген оқыту әдістері мен интерактивті технологиялар білім алушылардың белсенділігін айтарлықтай арттыра алатынын көрсетті. Мультимедиялық құралдарды қолдану және өзара белсенді әрекеттесу, білім алушылардың материалды жақсы түсінуге ғана емес, сонымен қатар олардың оқу процессіне белсенді қатысуына ықпал етті.

Duarte және т.б. (2001) өзінің жұмыстарында виртуалды зертхананың негізгі мақсаты, шынайы өмірдегі дәстүрлі зертханаға жақын ортаны жасау және пайдаланушыларға зертханалық нұсқаулар мен құрал жабдықтарында жұмыс істеу принциптерін зерттеуге мүмкіндік беру екенін атап өтеді. Осыған байланысты бұл мақала мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға арналған білім беру бағдарламаларына виртуалды химия зертханаларын (VCLS) инклюзивті жобалау мен тиімді интеграциялаудың шұғыл қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған. Қазіргі уақытта олардың осы құнды оқу құралына қол жеткізуіне және оларды пайдалануға кедергі келтіретін негізгі кедергілерді зерттей отырып, бұл зерттеу виртуалды химия зертханаларын әзірлеу мен енгізуді жақсарту үшін негізгі бағыттарды анықтауға бағытталған.

**Зерттеу сұрағы.** Жиналған материалдардың және нақты қойылған мақсаттардың арқасында осы зерттеу жұмысында келесі сұрақтар туындады:

1. Инклюзивті оқыту және виртуалды зертханалар туралы ғылыми әдебиеттерде қандай негізгі терминдер мен мәселелер кездеседі?
2. Жиналған әдебиеттерді мазмұнды түрде талдау жаратылыстану ғылымдарындағы инклюзивті білім беру бағытында заманауи тенденцияларды анықтауға қалай көмектеседі?

**Әдестеме.** Зерттеу жұмысында *сапалы мазмұнды талдау әдісі* қолданылды. Тақырыпқа сай келетін әртүрлі авторлардың мақалалары мұқият талданды. Жиналған жарияланымдардың мазмұнына егжей-тегжейлі талдау жүргізілді, ол өз кезегінде мақалалардың негізгі түйін сөздерін анықтауға, оларды бір-бірімен салыстыруға және тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде туындаған мәселелер туралы тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік пайда болды.

**Деректерді жинау.** Барлық рецензияланған мақалалар Google Scholar академиялық дерекқор көздерінен таңдалды. Мақалада барлық этикалық нормалар сақталды: мәліметтер авторлықты міндетті түрде көрсете отырып және библиографиялық сілтемелерді дұрыс рәсімдей отырып, ашық ғылыми жарияланымдардан алынды. Материалдарды іріктеу кезінде мақалалардың өзектілігі мен маңыздылығы ескерілді. Негізгі назар эмперикалық зерттеулерге, теориялық негіздемелерге және салыстырмалы талдауды қамтитын басылымдарға аударылды. Бұл тәсіл бізге тақырып туралы жан-жақты түсінік алуға және әртүрлі ғылыми дәлелдерге негізделген объективті түрдегі қорытынды жасауға мүмкіндік

берді. Мақалалар және олардың түйін сөздері бойынша мазмұны 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Ғылыми мақалалардың негізгі түсініктері мен түйін сөздері

№	Қаралған мақалалар	Мазмұны
1	Duarte & Butz (2001)	<i>Түйін сөздер:</i> инклюзивті білім беру, виртуалды зертхана, нақты уақыттағы модельдеу, көмекші технологиялар, білім берудегі цифрлі құралдар. <i>Негізгі түсінік:</i> Тәжірибе жүргізуге арналған цифрлық орта. Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға білім беру технологияларын бейімдеу. Инклюзивті оқытуға арналған көмекші технологиялар.
2	Wright (2022)	<i>Түйін сөздер:</i> виртуалды зертхана, инклюзивті білім беру, виртуалды тәжірибие, бейімделген оқыту. <i>Негізгі түсінік:</i> Инклюзивті білім беруді қолдайтын технологиялар. Химия пәніндегі виртуалды зертханалар. Ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуына жағдай жасау.
3	Kaufhold & Steinert (2023)	<i>Түйін сөздер:</i> виртуалды шындық (VR), қолжетімділік, виртуалды зертхана, инклюзивті білім беру, STEM білім беру. <i>Негізгі түсінік:</i> Тактильді кері байланысы бар виртуалды зертханалар. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқыту мүмкіндіктерін кеңейту. Өртүрлі сенсорлық ынталандырулардың тіркесімі арқылы оқыту.
4	Ghergulescu et.al (2018)	<i>Түйін сөздер:</i> виртуалды зертхана, инклюзивті білім беру, арнайы білім беру қажеттілігі (SEN), өзін-өзі оқыту, бағалау. <i>Негізгі түсінік:</i> Жаратылыстану ғылымдарын зерттеуге арналған цифрлық білім беру ортасы. Жеке және тәуелсіз білім беру әдісі. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқытуды қолдайтын технологиялар.
5	Alkhawaldeh & Khasawneh (2023)	<i>Түйін сөздер:</i> виртуалды шындық (VR), танымдық дағдылар, мәселелерді шешу, инклюзивті білім беру, қолжетімділік. <i>Негізгі түсінік:</i> Білім беруде виртуалды технологияларды пайдалану. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамыту. Барлық білім алушыларға қолжетімді білім беру ортасын құру. Оқу материалдарын виртуалды технологияларға бейімдеу қажеттілігі.
6	Baumann & Melle. (2019)	<i>Түйін сөздер:</i> цифрландыру, инклюзивті білім беру, арнайы білім беру қажеттілігі (SEN), UDL. <i>Негізгі түсінік:</i> Инклюзивті білім беру ортасын құру үшін әмбебап оқытуды жобалау. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар. Цифрлі мультимедиялық білім беру материалдарын пайдалану.
7	Gavronskaya және т.б.(2021)	<i>Түйін сөздер:</i> виртуалды зертхана, инклюзивті білім беру, бейімделген оқыту, технологияларды білімге біріктіру.

## THE ROLE OF EDUCATION IN FUTURE DEVELOPMENT

		<i>Негізгі түсінік:</i> Білім беру процесін бейімдеу, виртуалды зертхананың теориялық моделі. Ерекше білім беру қажеттіліктері.
8	Elfakki & Alotaibi (2023)	<i>Түйін сөздер:</i> виртуалды зертхана, арнайы білім беру қажеттілігі (SEN), танымдық дағдыларды дамыту, қолжетімділік, цифрлық білім беру құралдары. <i>Негізгі түсінік:</i> Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға білім берудің қолжетімділігі. Виртуалды технологиялар арқылы танымдық дағдыларды жетілдіру.
9	Gallardo-Williams & Dunnagan (2021)	<i>Түйін сөздер:</i> виртуалды шындық (VR), инклюзивті білім беру, өзін-өзі оқыту, оқытушының бейтараптығы. <i>Негізгі ұғымдар:</i> Білім берудегі инклюзивтілік және қолжетімділік. Зертханаларда виртуалды шындық (VR) технологияларын пайдалану. Білім беру процесін модельдеу.
10	D'Agostino (2021)	<i>Түйін сөздер:</i> қолжетімділік, инклюзивті білім беру, виртуалды зертхана, бірлескен оқыту. <i>Негізгі ұғымдар:</i> Көру және есту қабілеті нашар білім алушыларға оқытудың қолжетімділігі (BLV). Көмекші технологияларды қолдану.

Ескерту – авторлармен құрастырылған

**Деректерді талдау.** Түйін сөздер мен негізгі ұғымдарды қамтитын мәліметтердің арқасында, пайыздық үлес арқылы есептеу жүргізіліп, талдау жасалынды.

**Нәтижелер.** 2-кестеде келтірілген деректер цифрлық технологиялар мен инклюзивті білім беруге қатысты авторлардың ең көп зерттеген тақырыптарын бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 2 – Цифрлық және инклюзивті білім берудегі негізгі зерттеу тақырыптарын талдау

№	Түйін сөздер	Жиілігі	Пайыздық мөлшері
1	Виртуалды зертхана	8	19%
2	Инклюзивті білім беру	9	20%
3	Қолжетімділік	5	12%
4	Арнайы білім беру қажеттілігі (SEN)	3	7%
5	Бейімделген оқыту	2	5%
6	Виртуалды шындық (VR)	3	7%
7	Мәселелерді шешу	1	2%
8	Бірлескен оқыту	1	2%
9	Танымдық дағдылар	2	5%
10	Виртуалды тәжірибе	1	2%
11	Өзін-өзі оқыту	2	5%
12	Білім берудегі цифрлі құралдар	2	5%
14	Бағалау	1	2%

15	Көмекші технология	2	5%
	<i>Барлығы</i>	43	100%


Ескерту – авторлармен құрастырылған

2-кестедегі талдау бойынша, зерттеушілер арасындағы кең талқыланған тақырып *«инклюзивті білім беру»* (9 мақала) және *«виртуалды зертхана»* (8 мақала) болды. Бұл өз кезегінде, виртуалды технологиялар арқылы оқыту әдістеріне және тең оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге үлкен қызығушылықты көрсетеді. Сондай-ақ, *«қолжетімділік»* (5 мақала) және *«арнайы білім беру қажеттілігі»* (3 мақала) тақырыптары маңызды болып табылады, олар ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім беру процестерін қолжетімді ету қажеттілігін көрсетеді. *«Виртуалды шындық»* (3 мақала), *«бейімделген оқыту»* (2 мақала), *«танымдық дағдылар»* (2 мақала) және *«цифрлық білім беру құралдары»* (2 мақала) сияқты категориялар, жекелендірілген оқытуға ықпал ететін технологиялар саласындағы үздіксіз зерттеулердің дәлелі болып табылады. Ең аз зерттелінген тақырыптарға (1 мақала) *«мәселелерді шешу»*, *«бірлескен оқыту»*, *«виртуалды тәжірибелер»*, *«технологияны білімге біріктіру»* және *«бағалау»* кіреді.

Бұл түйін сөздер бізге осы саладағы зерттеулердің негізгі бағыттарын анықтауға, арнайы білім беру қажеттіліктері бар білімалушылар үшін виртуалды зертханалардың артықшылықтарын, қолжетімділігін бағалауға, сондай-ақ мүмкін болатын кедергілер мен оларды жеңу мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Көрсетілген деректерді жалпылау виртуалды зертханаларды одан әрі дамыту техникалық, педагогикалық және психологиялық аспектілерді ескеретін кешенді тәсілді қажет ететіндігін растайды. Технологияның болуын ғана емес, сонымен қатар оқыту әдістерінің білім алушылардың жеке талаптарына бейімделуін де ескеру қажет.

**Талқылау.** Талдау кезінде қолданылған түйін сөздер инновациялық технологиялардың дамуымен инклюзивті білім берудің басым тенденцияларын қолдайтын болғандықтан таңдалды. Сурет – 1-де көрсетілгендей, *«Инклюзивті білім беру»* және *«виртуалды зертхана»* тақырыптары ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қолжетімді және тең білім беруді қамтамасыз етуге нақты қолданылуына байланысты таңдалды. *«Қолжетімділік»* және *«арнайы білім беру қажеттіліктері» (SEN)* ең маңызды анықтамалары заманауи технологиялардың оқушылардың қажеттіліктеріндегі айырмашылықтарды ескере отырып, білім беру тәжірибесіне өзгерістер енгізуге қалай мүмкіндік беретінін түсіну үшін қолданылады. *«Виртуалды шындық» (VR)*, *«бейімделген оқыту»*, *«танымдық дағдылар»* және *«цифрлық білім беру құралдары»* инновациялық шешімдердің оқу процесін қалай жекелендіретінін және негізгі танымдық дағдыларды дамытатынын талқылауға көмектеседі. Сондай-ақ, *«мәселелерді шешу»*, *«бірлескен оқыту»*, *«виртуалды тәжірибелер»*, *«технологияларды білімге біріктіру»* және *«бағалау»* сияқты аз талқыланған

тақырыптар қозғалды, өйткені олар цифрландыру контекстінде белсенді оқыту мен нәтижелерді бағалаудың әртүрлі формаларын білдіреді.



Сурет 1 – Зерттеу нәтижелерінің диаграммасы  
Ескерту – авторлармен құрастырылған

### ҚОРЫТЫНДЫ

Әдеби талдау ғылыми қоғамдастықта «цифрлық оқыту» мен «инклюзивті білім беру» туралы тақырыптың қоғамда өзекті мәселе екенін көрсетеді. «Инклюзивті білім беру» және «виртуалды зертханаға» деген қызығушылықтың жоғары деңгейі білім алушылардың кең ауқымы үшін инклюзивті технологияға негізделген білім беру орталарын зерттеуге және енгізуге деген жоғары бейімділікті көрсетеді. Үлкен назарды «қолжетімділікке» және «арнайы білім беру қажеттіліктеріне» аудару, ғылыми қоғамдастықтың мүмкіндігі шектеулі оқушылардың тең қатысуы үшін білім беру процестері мен материалдарын қол жетімді етуге деген ұмтылысын көрсетеді.

«Виртуалды шындық», «бейімделген оқытудың» артықшылығы «мәселелерді шешу», «бірлескен оқыту», «виртуалды тәжірибелер», «білім беру үшін технологияны пайдалану» сияқты салалардың салыстырмалы түрде аз басымдығы бар жекелендірілген оқу орталарына деген қызығушылықтың артуы туралы айтады. Ал «бағалау» болашақ зерттеулердің ықтимал бағыттарын көрсете алады.

Атап айтқанда, виртуалды зертханаларда барлық білім алушылардың, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу нәтижелерін жақсартуға көмектесу үшін осындай педагогикалық тәсілдер мен жалпы интеграциялық стратегияларды қалай тиімді пайдалануға болатынын одан әрі зерттеуге мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ олардың тиімділігін растау және болашақ дизайн мен іске асырудың негізін қамтамасыз ету үшін осы виртуалды зертханалардағы оқу нәтижелерін бағалауға көбірек көңіл бөлу қажет. Тұтастай алғанда, зерттеудің

жаңа бағыттары инклюзивті білім беруді ілгерілету үшін виртуалды зертханалардың әлеуетін кеңірек тануды болжайды, бірақ сонымен бірге көптеген педагогикалық қолданбаларды, үздіксіз интеграция стратегияларын және тиімді бағалау әдістерін одан әрі зерттеуді қажет етеді.

Көптеген әдебиеттерді қарастыра отырып, виртуалды зертхананың мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға беретін мүмкіндіктері көп екенін түсіндік. Себебі, дәстүрлі зертханалар ерекшеліктері бар білім алушыларға негізделмеген, соның кесірінен оқыту процесі кезінде білім алушылар көптеген кедергілерге тап болады. Сол себепті, оқу процессіне виртуалды зертхананы тұрақты оқу құралы ретінде, әсіресе инклюзивті білім беру жүйесіне енгізу керек. Егерде, виртуалды зертхана инклюзивті білім беруде жиі қолданылатын болса, онда ол өз кезегінде мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың тұрақты дамуына оң әсер беретін еді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Alfashem, F., & Alfaiakawi, A. (2023). Technology-enhanced learning through virtual laboratories in chemistry education. *Contemporary Educational Technology*, 15(4), ep474.
2. Alkhalwaldeh, M. A., & Khasawneh, M. A. S. (2023). Exploring virtual reality as a transformative tool for enhancing learning abilities in students with disabilities. *Journal of Namibian Studies: History Politics Culture*, 35, 861–882.
3. Babateen, H. M. (2011). The role of virtual laboratories in science education. In *5th International Conference on Distance Learning and Education IPCSIT* (Vol. 12).
4. Baumann, T., & Melle, I. (2019). Evaluation of a digital UDL-based learning environment in inclusive chemistry education. *Chemistry Teacher International*, 1(2), 20180026.
5. Chiu, J. L., DeJaegher, C. J., & Chao, J. (2015). The effects of augmented virtual science laboratories on middle school students' understanding of gas properties. *Computers & Education*, 85, 59–73.
6. D'Agostino, A. T. (2021). Accessible teaching and learning in the undergraduate chemistry course and laboratory for blind and low-vision students. *Journal of Chemical Education*, 99(1), 140–147.
7. Davies, R. R., & Rogers, E. S. (1985). Social skills training with persons who are mentally retarded. *Mental Retardation*, 23(4), 186.
8. Day, H. M., & Horner, R. H. (1986). Response variation and the generalization of a dressing skill: Comparison of single instance and general case instruction. *Applied Research in Mental Retardation*, 7(2), 189–202.
9. Duarte, M., & Butz, B. P. (2001, October). The virtual laboratory for the disabled. In *31st Annual Frontiers in Education Conference...* (Vol. 3, pp. S1C-23). IEEE.
10. Elfakki, A. O., Sghaier, S., & Alotaibi, A. A. (2023). An efficient system based on experimental laboratory in 3D virtual environment for students with learning disabilities. *Electronics*, 12(4), 989.

11. Gallardo-Williams, M. T., & Dunnagan, C. L. (2021). Designing diverse virtual reality laboratories as a vehicle for inclusion of underrepresented minorities in organic chemistry. *Journal of Chemical Education*, 99(1), 500–503.
12. Gavronskaya, Y., Larchenkova, L., Kurilova, A., & Gorozhanina, E. (2021). Virtual lab model for making online courses more inclusive for students with special educational needs. *International Journal of Emerging Technologies in Learning*, 16(2), 79.
13. Ghergulescu, I., Lynch, T., Bratu, M., Moldovan, A., Muntean, C. H., & Muntean, G. M. (2018). STEM education with atomic structure virtual lab for learners with special education needs. In *EDULEARN18 Proceedings* (pp. 8747–8752). IATED.
14. Hofstein, A., & Lunetta, V. N. (2004). The laboratory in science education: Foundations for the twenty-first century. *Science Education*, 88(1), 28–54.
15. Hodkinson, A. (2010). Inclusive and special education in the English educational system: Historical perspectives, recent developments and future challenges. *British Journal of Special Education*, 37(2).
16. Kaufhold, N., & Steinert, J. (2023, September). Work in Progress: Expanding Learning Opportunities in STEM Courses: The Potential of Haptic VR Laboratories for Students with and Without Visual Impairment. In *International Conference on Interactive Collaborative Learning* (pp. 149–154). Springer Nature.
17. Liu, C. C., Wen, C. T., Chang, H. Y., Chang, M. H., Lai, P. H., Fan Chiang, S. H., ... & Hwang, F. K. (2022). Augmenting the effect of virtual labs with "teacher demonstration" and "student critique"... *Instructional Science*, 1–31.
18. Robertson, I., Richardson, A. M., & Youngson, S. C. (1984). Social skills training with mentally handicapped people: A review. *British Journal of Clinical Psychology*, 23(4), 241–264.
19. Rombo, J. L. (2006). Inclusive education: Policies, teachers' attitudes and perspectives. *Contemporary PNG Studies*, 5, 29–44.
20. Rutten, N., Van Joolingen, W. R., & Van Der Veen, J. T. (2012). The learning effects of computer simulations in science education. *Computers & Education*, 58(1), 136–153.
21. Thompson, S. E., Bourke, S. A., Callow, J. N., & Hipse, M. R. (2022, June). Prioritizing engagement... *Frontiers in Education*, 7, 907801.
22. Wright, C. E. (2022). Leveraging an app to support students with color-vision deficiency and color-blindness in online general chemistry laboratories.

### АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

**Әсел Абсаттарова** – магистрант, SDU University, Қаскелең, Қазақстан Республикасы, email: 241343005@sdu.edu.kz\*

**Йылмаз Халит Сатылмыш** – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, SDU University, Қаскелең, Қазақстан Республикасы, email: halit.yilmaz@sdu.edu.kz.

**Гүлмира Бекенова** – химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, SDU University, Қаскелең, Қазақстан Республикасы, email: gulmira.bekenova@sdu.edu.kz.

### **FRAMEWORKS OF INTEGRATED STEM EDUCATION WITH APPLICATIONS IN CHEMISTRY INSTRUCTION**

**D. Shakarimova<sup>1\*</sup>, H. Yilmaz<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>SDU University, Kaskelen, Republic of Kazakhstan

#### **ABSTRACT**

As technology rapidly changes and pressures on the educational system mount, new pedagogies that challenge the acquisition of critical thinking, creativity and the use of knowledge acquired in real-life circumstances are urgently required. STEM education, a form of education that combines science, technology, engineering and mathematics, seems to be one such strategy. This is especially applicable to chemistry, since one must balance between theory and practice and interdisciplinarity. The present study aims to identify the most common STEM education methods covered by modern scientific literature and investigate their application in chemistry education. As a component of the task, 15 peer-reviewed articles were analyzed and published during the period between 2019 and 2025. A qualitative content analysis was conducted, with articles coded according to eight categories: STEM content integration, problem-based learning, inquiry-based instruction, design thinking, collaboration, student-centered learning, hands-on activities, and assessment strategies. The findings show that STEM content integration (100%), problem-based learning (86.7%), and design thinking (53.3%) are the most commonly applied approaches. Chemistry-related acknowledges the value of pragmatic research-based methods in conceptual knowledge development and practical skills. Accordingly, carefully designed integrated STEM education has great potential to enhance the teaching of chemistry through facilitating deep learning, inter-disciplinary thinking, and real-world relevance. Moreover, it helps achieve sustainable development objectives by enhancing innovation, socially responsible problem-solving and scientific literacy in the next generation. Further research is recommended to explore how teachers are prepared to implement these models and to assess their long-term impact on students' scientific interest and academic development.

*Keywords:* Integrated STEM education, pedagogical frameworks, chemistry instruction, problem-based learning, inquiry-based instruction, design thinking, content analysis.

## INTRODUCTION

Modern society is rapidly developing under the pressure of technological progress, which leads to continuous updates of knowledge and outdated previously acquired skills. In this competitive and dynamic environment, qualities such as critical, creative, independent, and self-organized thinking become essential for students (Kairzhana, 2023). These skills are widely recognized as the key to successfully adapting to the demands and uncertainties of the 21st century.

The development of natural sciences, including chemistry, is currently more demanding than just memorizing theoretical materials. Students are expected to have the skills to reflect analysis, use their digital tools effectively, and communicate their knowledge in the context of practical, interdisciplinary, and research studies (Chaika, 2017). This change highlights the importance of introducing learning methods, supporting application thinking, innovation, and solving real-world problems.

One of the most promising and widely discussed areas in this regard is integrated STEM education, which combines science, technology, engineering and mathematics within a single educational system. STEM-based education not only enables scientific literacy and critical thinking, but also practical skills – qualities particularly valuable in the education of chemistry, where abstractions must be visualized, experimented with, and applied across disciplines (Fitriyana et al., 2024).

Despite the growing interest in STEM education, the existing literature indicates a wide variety of approaches to its development and implementation. This diversity highlights the need for a systematic analysis of existing teaching systems to determine which models are used most often and how they adapt to different subject areas, including chemistry teaching.

